

1995 жылы туған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Мақат ауданы әкімінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 40 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 3 ақпанда № 4-7-140 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 20 наурыздағы № 8 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2012.03.20 № 8 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына сәйкес, **ШЕШЕМІН:**

1. 2012 жылдың қаңтар–наурыз айларында Атырау облысы Мақат ауданының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын 1995 жылы туған еркек жынысты азаматтарды, сондай-ақ бұрын тіркеуден өтпеген жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу жұмыстары ұйымдастырылсын және жүргізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Ж. И с ма г у л о в қ а жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Қайненов